



**Kazakhstan Chamber of Arbitration**

050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тимирязев к., 15 «Б», офис 3, тел: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org  
050008, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Тимирязева 15 «Б», офис 3, тел: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org  
050008, Republic of Kazakhstan, Almaty, 15 B Timiryazev st., office 3, tel: +7 (727) 313-10-61, e-mail: info@palata.org

№ 880101.11.2021.

**Слаибек С.М.**

Қазақстанның Төрелік палатасы (бұдан әрі - ҚТП) 2021 жылғы 21 қазандағы сіздің өтінішіңізді қарастыра отырып, келесіні хабарлайды.

Tendeu арбитраждық соты («Международное Арбитражное агентство «TENDEU» ЖШС) ҚТП мүшесі емес, сондықтан бізде оның байланыс деректері жоқ.

Сіз бұл арбитраждың орналасқан жерін Егов порталы арқылы анықтай аласыз және заңды мекен-жайға жүгіну арқылы талап арыз бере аласыз.

Егер осы төрелік жұмыс істемейтіні белгілі болса, сіз өзіңіздің контрагентіңізге төрелік ескертпені өзгерту немесе алып тастау ұсынысымен жүгіне аласыз. Егер келісімге келмесеңіз, сізге мемлекеттік сотқа шағымдануға тура келеді.

Бұл ретте ҚР АПК-нің 25-бабының 2-тармағына есекере отырып бірі - сотқа, ал басқалары - соттан тыс органдарға ведомстволық, өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде, барлық талаптар сотта қаралуға тиіс.

ҚР АПК-нің 152-бабының 1-тармағының 7-тармақшасына сәйкес, егер заңда өзгеше көзделмесе, осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы тараптар арасында заңға сәйкес келісім жасалса, судья талап қою арызын қайтарады.

«Төрелік туралы» ҚР Заңының 10-бабында өзгеше көрсетілген, оған сәйкес Төрелік талқылау нысанасы бойынша талап қою берілген сот, егер төрелік келісім жарамсыз, күшін жойған немесе орындалуы мүмкін болмайтын деп таппаса, егер тараптардың кез келгені бұл туралы өтінсе, даудың мәні бойынша өзінің алғашқы өтінішін ұсынудан кешіктірмей тараптарды төрелікке жіберуге тиіс. Төрелік келісім жарамсыз болғандықтан, сот талап арызды қайтаруға құқылы емес.

Егер сіздің контрагентіңіз ҚР резиденті болмаса, онда 3-т.басшылыққа алу қажет. сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенцияның 4-бабы, яғни дауды қарауы мүмкін төрелікті айқындау құқығы берілген арнайы Комитетке жүгіну. Қазіргі уақытта ҚР атынан осындай комитеттің өкілеттігін Атамекен Арбитраж орталығы атқарады.

**Құрметпен,**

**Басқарма төрағасы  
Қазақстанның Төрелік палатасы,  
ҚР ҰҒА академигі,  
заң ғылымдарының докторы,  
Профессор**



**Сулейменов М. К.**